

"Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 5 желтоқсандағы N 1178 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

Жарлығы

"Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағын құру туралы

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 6 шілдедегі Заңына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2032 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге "Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі - АЭА) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған АЭА туралы ереже бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі АЭА қызметін қамтамасыз ету жөнінде шаралар

қабылдастын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2 0 0 7

жылғы

N

Жарлығымен

бекітілген

"Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі"

арнайы экономикалық аймағы туралы ереже 1. Жалпы ережелер

1. "Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі" арнағы экономикалық аймағы (бұдан әрі - АЭА) қоса беріліп отырған жоспарға сәйкес Атырау облысының аумағында орналасқан.

АЭА-ның аумағы 1787,4 гектарды құрайды және Қазақстан Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады.

2. А Э А - л а р :

қосылған құны жоғары көмірсүтек шикізатын тереңдете өндеу және бәсекеге қабілетті мұнай-химия өнімін кеңінен шығару жөніндегі әлемдік деңгейдегі мұнай-химия өндірістерін құру мен дамытудың серпінді инвестициялық жобаларын әзірлеу және іске асыру;

мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерінің негізінде құрылышқа және мұнай-химия және аралас өндірістерді кешенді дамытуға инвестициялар тарту;

жаңа өзара байланысты, тиімділігі жоғары және инновациялық мұнай-химия, ілеспе және аралас өндірістер салу;

қазақстандық мұнай-химия өнімінің өндіру мен өткізудің жалпы әлемдік жүйесіне кірігуін жүзеге асыру, халықаралық стандарттарға (ИСО) сәйкес инновациялық, бәсекеге қабілетті отандық мұнай-химия өнімін жасау;

мұнай-химия, ілеспе және аралас өндірістерді және көмірсүтек шикізатын тазалау, тереңдете өндеу жөніндегі технологияларды құру және жетілдіру бойынша ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық инновациялық жобалар әзірлеу және іске асыру;

халықаралық стандарттарға сәйкес мұнай-химия өндірістері үшін мамандар даярлау және қайта даярлау мақсатында құрылады.

3. Қ ы з м е т т і ң б а с ы м т ү р л е р і :

қазақстандық базалық және қосылған құны жоғары мұнай-химия өнімін, оның ішінде мұнай-газ өндіру саласы үшін реагенттер өндіруді қамтамасыз ету үшін бизнес-жоспарлар, техникалық-экономикалық негіздемелер, жобалау-сметалық құжаттама, құрылыш-монтаж және іске қосу-реттеу жұмыстарын әзірлеу кезеңдерін қамтитын көмірсүтек шикізатын тереңдете өндеу үшін әлемдік деңгейдегі кешендерді, өндірістер мен қондырғыларды салу және пайдалану;

мұнай-химия өндірістерінің тиімді қызметтің қамтамасыз ету үшін осы заманғы жоғары технологиялық инфрақұрылым қалыптастыру;

жаңа инновациялық мұнай-химия, ілеспе, аралас өндірістер мен технологиялар құру және дамыту жөнінде маркетингтік, ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық жобалар әзірлеу мен іске асыру және техникалық-экономикалық, тәжірибе-конструкторлық жұмыстар жүргізу;

халықаралық стандарттар бойынша өнеркәсіптің мұнай-химия саласы үшін техникалық бейіндегі мамандар даярлау және қайта даярлау.

4. АЭА-ның қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, "Қазақстан

Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 6 шілдедегі Заңымен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы заңнамасында көрсетілгенен өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережесі қолданылады.

2. АЭА-ны басқару

5. АЭА-ны басқару "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 6 шілдедегі Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

3. АЭА-ның аумағында салық салу

6. АЭА-ның аумағында салық салу Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен реттеледі.

4. Кедендік реттеу

7. АЭА-ның аумағы Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес еркін кеден аймағының кедендік режимі қолданылатын Қазақстан Республикасы кеден аумағының бір бөлігі болып табылады. АЭА-ның периметрлері Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы болып табылады және арнайы қоршаумен жабықталады.

8. АЭА-ның аумағында кеден ресімдеу мен бақылау Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

9. АЭА құру мақсатына қол жеткізу үшін қажетті тауарлардың тізбесі:

АЭА-ның аумағында салынатын объектілердің құрылышын қамтамасыз ету және оларды пайдалануға беру үшін қажетті машиналар, тетіктер, жабдықтар, тауарлар мен материалдар;

тауарларды жеткілікті түрде өндіре өлшемдеріне сәйкес қайта өндіреуге, өндіреуге және пайдалануға арналған (акцизделетін тауарларды қоспағанда) шикізат және отын ресурстары, тауарлар мен материалдар;

ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды және оқу-білім беру бағдарламаларын жүргізу үшін қажетті аспаптар, құрылғылар, тауарлар мен материалдар;

осы Ереженің З-тармағында көрсетілген негізгі қызмет түрлеріне сәйкес өндірістерді қамтамасыз ету үшін қажетті машиналар және тетіктер, жабдықтар,

арнайы мақсаттағы автомобильдер, материалдар, тауарлар мен жартылай өнімдер.

10. АЭА-ның аумағында осы Ережеге сай қызметтің негізгі түрлеріне сәйкес АЭА құру мақсатына қол жеткізу үшін қажетті тауарлар мен жабдықтарды сақтауды, пайдалануды, қайта өңдеуді және қолдануды қамтамасыз ету жөнінде операциялар жасауға рұқсат етіледі.

5. АЭА-ның аумағында шетел азаматтарының болу тәртібі

11. АЭА-ның аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарда белгіленген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ олардың көлік құралдарының кіру, шығу, транзиті және болу тәртібі қолданылады.

6. Қорытынды ережелер

12. АЭА "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабында көзделген негіздер бойынша таратылады.

АЭА-ны тарату туралы шешім қабылданғаннан кейін АЭА-ның әкімшілігі АЭА-ны тарату рәсімдерін аяқтау үшін бір жыл бойы жұмыс істейді.

АЭА-ны құрылған мерзімінің аяқталуына байланысты таратқан кезде АЭА-ның әкімшілігі :

көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін үш айдан кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде АЭА-ның алдағы таратылуы, оның таратылуына байланысты арыздар мен талап-өтініштерді қабылдаудың тәртібі мен мерзімі туралы хабарландыру жариялады;

АЭА-ның аумағында қызметін жүзеге асыратын жеке және занды тұлғаларға оның аумағындағы тауарларды өзге кедендік режимде қайта ресімдеу тәртібін түсіндіруді қамтамасыз етеді .

13. Осы Ережемен реттелмеген АЭА-ның қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.